

## **0104000 Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) мамандығы бітіруші курс білім алушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша есебі.**

«Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС 0104000 Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) мамандығы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы 33 студент мекеме басшысының бұйрығымен мемлекеттік қорытынды аттестаттау тапсыруға жіберілді. Жіберілген студенттердің үлгілік жұмыс оқу бағдарламасы бойынша оқылатын пәндері, оқу кестесі, оқу тәжірибелік, педагогикалық, диплом алды оқу өндірістік іс – тәжірибе құжаттары колледж ережесіне сәйкес толтырылып, тексеріліп, пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, кешенді емтихан нысанында өткізілді.

0104000 Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) мамандығы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттауға төрағалық етуге 13 – 25 маусым аралығына шақырылып, барлық оқу құжаттары мен танысып шыққаннан кейін мемлекеттік стандартқа сәйкес Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан кешенді түрде «Өндірістік және арнайы пәндерді оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі, тәрбие жұмысын ұйымдастыру» кешенді емтихан, «Бағдарламамен қамтамасыздандыруды құру технологиясы, есептеу кешендерінің операциялық жүйелері және бағдарламау тілдері» пәндерінен кешенді емтихан оффлайн түрінде өтті. Емтихан тапсыруға жалпы бұйрықта көрсетілген 33 студенттен 30 студент қатысты. 3 студент белгісіз себептермен емтиханға келмеді.

Өндірістік және арнайы пәндерді оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі, тәрбие жұмысын ұйымдастыру» кешенді емтиханды 30 студент сәтті тапсырып, орташа 3,8 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 91% пайызды құрайды.

Бағдарламамен қамтамасыздандыруды құру технологиясы, есептеу кешендерінің операциялық жүйелері және бағдарламау тілдері» пәндерінен кешенді емтиханды 30 студент сәтті тапсырып, орташа 3,7 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 91% пайызды құрайды.

«Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС жеке мекемесі Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) мамандығы бойынша бітіруші курс студенттерінің біліктілік беру мақсатында ұйымдастырылған мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандардың нәтижесі бойынша күндізгі оқу нысанында 30 студентке 0104000 Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) мамандығы 0104013 Өндірістік оқыту шебері техник (барлық атаулар бойынша) біліктілігі берілді.

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі әкімшілігі тарапынан студенттерге болашақ мамандықтары бойынша сапалы да саналы білім беріліп, оларға болашаққа үлкен жол ашу мақсатында жоғары оқу орындарына түсуге, жеке кәсіпшілікпен де шұғылданса жеміс жейтін, кез келген оқу өндірістік мекемеде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін білім ошағымен қамтамасыз етті.

Келешекте бұл студенттер биіктерден көрінеді деп ойлаймын.

*Мемлекеттік емтихан төрағасы*

*И.С.Исаков*